



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Маусымда Қазақстанның көптеген өңірінде жылдық инфляция баяулады

Астана қ.

2024 жыл, 16 шілде

Маусымда елде жылдық инфляция бәсеңдеп, **8,4%**-ды құрады (мамырда – 8,5%). 10 өңірде бәсеңдеген жылдық инфляция 9 өңірде жеделдеп, 1 өңірде өзгеріссіз қалды.

Жылдық инфляцияның ең жоғарғы мәні Қарағанды және Маңғыстау облыстарында тіркелді.

Маусымда **азық-түлік** тауарларының бағасы ж/ж 5,4%-ға дейін баяулады (мамырда – 5,5%). Осы топтағы тауарлар бағасының максималды өсімі Алматы қаласында (7,7%), минималды өсім Түркістан облысында (3,2%) тіркелді.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының өсу қарқыны ж/ж 7,4%-ға дейін бәсеңдеді (мамырда – 7,6%). Ең жоғарғы мән Маңғыстау облысында (14,0%), төменгі мән Алматы облысында (5,5%) тіркелді.

Маусымда **ақылы көрсетілетін қызмет** бағасы ж/ж 13,8%-ға дейін бәсеңдеді (мамырда – 13,9%). Сонымен қатар, Павлодар облысында (18,8%) баға жалпы республикалық деңгейден біршама жоғары, Ұлытау облысында (8,2%) айтарлықтай төмен өсті.

Маусымда ел бойынша **айлық инфляция 0,4%-ға** өсті, бұл – тарихи орташа мәннен төмен (2017-2021 жылдардағы маусымда – 0,5%).

Толығырақ: <https://www.nationalbank.kz/kz/news/inflyacionnye-tendencii-v-regionah/rubrics/2195>

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы алуына болады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz